- ✓ Педагогикалық еңбектің жаңа мәдениетін, оқыту мен білім беруді басқару жүйесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдана білетін жоғары білімді, білікті жаңа ұрпақты оқытатын мамандар даярлау. Білім беру саласында болып жатқан өзгерістердің педагог үшін ең маңыздысы өз біліктілігін арттыру,кәсіптік шеберлігін көтеру.
- ✓ Заманауй бағытта материалдық – техникалық базаны нығайту
  Білім беру мазмұнын қоғамның қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму талабына сай жаңарту.
- ✓ Оқытудың сараланауы мен даралануына оқушылардың талабы мен қызығушылығына сәйкес бағдарланған бейімдеп оқытуды іске асыруды жалғастыру. Оқушылардың кәсіптік бейімделуін қалыптастыру;
- ✓ Педагог қызметкерлердің өз біліктілігін көтеруге ынталылығын және білім деңгейін,жеке қабілетін ескере отырып үнемі әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз ету;
- ✓ Мектепте кәсіпалды (9-сынып) және кәсіптік (11(12)-сынып)білім беруді қамтамасыз ету бойынша сапалы жұмыстар ұйымдастыру;
- ✓ Кәсібилікті, педагогикалық шығармашылықты дамытуға бағытталған педагогикалық мамандардың үздіксіз білім алулары бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- ✓ Мектепте білім беруді компьютерлендірулі жалғастыру, электрондық құжат аймағында мектепішілік локальді желі (үшінші домендік атау) ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау;
- ✓ Мектеп бітіруші түлектердің білім сапасының білім стандартына сай орындалуын бақылау;
- ✓ Мектеп жасындағы балаларды толық оқумен қамтамасыз ету және мектеп оқушыларының сабаққа қатысуына бақылауды күшейту;
- ✓ Құқық бұзушылық,кибербуллинг, нашақорлық, басқа да жағымсыз іс-әрекеттердің алдын алу үшін жасөспірімдермен және балалармен тәрбие жұмыстарын түбірімен жақсартуға бағыттау;Адал азамат біртұтас тәрбие жобасын сапалы жүргізу
- ✓ Оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, тәрбиенің кешенді бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмысты күшейту, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, әлімжеттіктің алдын алу;
- ✓ Жетім,жартылай жетім, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс деңгейі төмен отбасы балаларына білім беру мен оқытуды ұйымдастыруда оларға жан-жақты қамқорлық көрсету; «Цифрлық ұстаз» жобасын жүзеге асыру
  Арнайы логопедиялық топтарды құру, логопедиялық жұмыстар өткізу және ұйымдастыру

## МЕКТЕП ӘКІМШІЛІГІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

### Мектеп директорының лауазымдық міндеттері

1. Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады.
2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып іске асыруды ұйымдастырады.
3. Жұмыс жоспарын, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын бекітеді.
4. Бекітілген учаскедегі балаларды жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз ету заңына сәйкес жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз етеді.
5. Оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді.

6. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді.
7. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуын қамтамасыз етеді.
8. Педагогикалық ұйымдар, әдістемелік бірлестіктер, балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді.
9. Білім беру құқығына берілген лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді.
10. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды құқығы мен мүдделерін (жеке, мүліктік, тұрғын үй, еңбек және басқа да) қорғайды, олардың туысқандық байланысын қолдай үшін оларға жағдай жасау бойынша шаралар қабылдайды.
11. Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасайды.
12. Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына иелік етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуы туралы есебін береді.
13. Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитариялық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.
14. Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды.
15. Педагогикалық кеңесті басқарады.
16. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттауға дайындауға қатысады.
17. Қызмет барысында айрықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлерін өзінің құзыретіне қарай марапаттауға және көтермелеуге ұсынады және өз құзыретінің шегінде жаза қолданады.
18. Жұртшылықпен, ата-аналармен (немесе оларды алмастырушы адамдармен) байланысты жүзеге асырады.
19. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымының атынан өкілдік етеді, қажетті есеп құжаттарын дайындау мен ұсынуды қамтамасыз етеді.
20. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілікті меңгерген.
21. Бастауыш сыныптар оқушыларын оқыту әдістерін қадағалау,бақылау

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Педагог мәртебесі туралы»,«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты» және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық

психология, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, менеджмент негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғаудың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:жоғары педагогикалық білім және білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде басқарушылық қызметте кемінде 1 жыл болуы тиіс.

**Таныстым** **Б.Сулейменов**

**Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының лауазымдық міндеттері**

1. Білім беру ұйымының қызметін перспективалық болжауды және ағымдағы жоспарлауды ұйымдастырады.
2. Оқу-тәрбие процесінің, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік психологиялық қамтамасыз етілу жағдайын талдайды.
3. Педагогтердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен жоспарларының орындалуын, сондай-ақ, қажетті оқу, оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын үйлестіреді.
4. Білім беру процесінің сапасына және жалпы білім беру стандарттарының шеңберінде білімді меңгеру нәтижесінің объективтілігіне бақылау жасайды.
5. Оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуын, оқу процесіне қазіргі заманғы жаңа технологияның енгізілуін қамтамасыз етеді.
6. Білім алушыларға ағымдағы және қорытынды аттестаттау, мемлекеттік аралық бақылау және тестілеу өткізуді ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді.
7. Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылау жасап, сабақтардың кестесін және басқа да оқу қызметінің түрлерін құрастырады.
8. Білім беру ұйымдарының оқу процесін жетілдіру мақсатында пәндік әдістемелік бірлестіктер мен эксперименттік жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асырады, оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастырады.
9. Педагогтердің анағұрлым нәтижелі тәжірибелерін тарату бойынша шаралар қабылдайды.
10. Педагог кадрларды іріктеуге және орналастыруға қатысады.
11. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және аттестаттаудан өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.
12. Оқу зертханалары мен кабинеттерін қазіргі заманғы жабдықтармен, көрнекі құралдармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандыру, әдістемелік кабинеттер мен кітапханаларды оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толтыру жұмыстарын жоспарлайды.
13. Оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын жабдықтардың, приборлардың, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
14. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайына бақылау жасайды. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгерген.
16. Кешкі мектеп пен КТМ-ге және колледжге кеткен оқушалардың жұмысын ұйымдастырады
17.Босатылған және ауыстырылған сабақтарды есепке алады.
18.Мұғалімдердің тарификациясын жасайды
19. Статистикалық есеп, ҮББДҚ жұмысын жүргізеді
20. Сынып журналдарының, «Күнделік.кз» жүргізілуіне бақылау жасайды
21.Кітапхана жұмысына басшылық.

22. Азаматтық қорғаныс штабын басқарады
23. Еңбек және техника қауіпсіздігі бойынша қызметкерлермен жұмыс орнында нұсқаулық жүргізеді және журнал жүргізеді
24. Тарих,,Құқық негіздері, география,химия,биология пәндерінің оқытылуын қадағалап, бақылау жасайды.
25. Белгіленген есеп құжаттамасының сапалы және уақтылы жасалуын қамтамасыз етеді.

**Білуге міндетті:**Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Педагог мәртебесі туралы»,«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, менеджмент негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

**Таныстым:** [signature] **Ж.Байтилеуов**

**Директордың бейіндік оқыту бойынша орынбасарының лауазымдық міндеттері:**

1. Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру жоспарын әзірлейді.
2. Бейінді оқытуды қолданбалы және элективті курстардың бағдарламаларын әдістемелік-бағдарламалық қолдауды қамтамасыз етеді.
3. Жоғары (бейінді) сыныптарды жинақтау үшін объективті негіз ретінде негізгі мектепті бітірушінің қорытынды білім беру рейтингін жасайды.
4. Бейінді оқыту, әртүрлі деңгейлі бағдарламарды енгізу бойынша білім беру ұйымдарының қызметін перспективалық болжауды және ағымдағы жоспарлаудыұйымдастырады.
5. Педагогтердің кәсіби шеберлігін және біліктілігін арттыру мақсатында педагогикалық ұжымның қызметін алдыңғы қатарлы педагогикалық озық іс-тәжірибені тарату бойынша жұмыстар жүргізеді.
6. Оқушыларды диагностикалау жүйесін, бейінді оқыту шеңберінде оқушылар мен ата-аналарға кеңес беру мазмұнын әзірлейді.
7. Педагогтердің әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыруға инновациялық технологияларды ұйымдастыру және сынау бойынша үйлестіреді. Эксперименттік жұмыстардың нәтижелерін қорытындылайды және талдау жасайды.
8. Түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын таңдау мүмкіндігін, "мектеп-жоо", "мектеп-колледж-жоо", "колледж-жоо" үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқу жоспарлары бойынша оқытуды, ғылымды зерделеуге кәсіби қабілеттілікті ашуды, әрі қарай білім алу бейінін таңдау мақсатында пәндерді терең меңгеру үшін түрлі циклдерді өзіндік таңдауды қамтамасыз етеді.
9. Жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен бірігіп, кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізеді.
10. Педагог кадрларға компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгеруне ықпал жасайды.
11. Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруын есепке алып, жоспарлап жүзеге асуын бақылайды.
12. Есептік құжаттамалардың белгіленген тәртіпте сапалы және уақытылы жасалуын, оның дұрыстығын және берілуін қамтамасыз етеді.

13. Қазақ тілі,орыс тілі,ағылшын тілі пәндерінің оқытылуын қадағалап, бақылау жасайды.

**Білуге міндетті:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы"; "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, "Рухани жаңғыру", "Құндылықтарға негізделген білім беру" бағдарламаларын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе қайта даярлаудан өткенін растайтын құжат; соңғы 5 жылдан кем емес үздіксіз педагогикалық жұмыс өтілі; -оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде – қосымша "педагог – сарапшы" немесе "педагог – зерттеуші" немесе "педагог – мастер" біліктілік санатының болуы.

**Таныстым:** [signature] **Исаев С**

**Директордың ғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарының лауазымдық міндеті**

1. Әдістемелік бірлестіктер басшыларының жұмысына көмек пен басшылық жасау.
2. Оқу үрдісін нормативтік – құқықтық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.
3. Оқу үрдісін ғылыми – әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру.
4. Педагогикалық ұжыммен әдістемелік мәжілістер өткізу.
5. Өз мәселелерін пед. кеңес отырыстарына дайындау.
6. Пед. ұжым жұмысын бірыңғай әдістемелік мәселелер бағытына ұйымдастыру.
7. Пед. оқулар, маслихаттар, семинарларды дайындау, өткізу.
8. Озық педагогикалық технологияларды оқу үрдісіне енгізу бойынша үздік педагогикалық тәжірибелерді зерделеу және жинақтау жұмыстарына басшылық жасау.
9. Білім беру мекемесіндегі ғылыми – әдістемелік ақпараттарды ұйымдастыру.
10.«Шеберлік мектебі» жұмысын, жас мамандардың біліктіліктерін көтеру сабақтарын ұйымдастыру.
11. Мекеменің эксперттік кеңесінің жұмыстарына қатысу.
12.Аттестаттау комиссиясы жұмысын үйлестіру, педагогтарды аттестаттауға қатысу.
13.Педагогтарға курстық дайындауды ұйымдастыру.
14. оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту PISA, PIRLS, TIMSS жұмыстары бойынша үйлестіруді атқарады
15. Математика,физика,информатика пәндерінің оқытылуын қадағалап,бақылау жасайды

**Таныстым:** [signature] **Кертаева Л.**

## Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының лауазымдық міндеттері

1. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, оқушыларды тәрбиелеу бағдарламаларын жасауды, оларды іске асыру бойынша жаңа тәсілдерді қамтамасыз етеді.
2. Тәрбиелеу процесінің проблемаларына, тәрбие жұмысының нәтижелеріне, тәрбие жұмыстары саласындағы жағдайлар мен перспективалық мүмкіндіктерге талдау жасайды.
3. Тәрбие жұмысының ағымдағы және перспективалық жоспарлауын ұйымдастырады.
4. Аға жетекшілер, мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері , сынып жетекшілері, педагог психологтар, әлеуметтік педагогтер және дене тәрбиесі-сауықтыру және көркемдік-эстетикалық циклдің қосымша білім беру педагогтері қызметін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады.
5. Тәрбие жұмысы жөніндегі, мәдени-тәрбие шараларды дайындау және өткізу жөніндегі қажетті әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын үйлестіреді;
6. Педагогикалық қызметкерлер жүргізетін тәрбие процесінің мазмұны мен мен өткізу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады.
7. Девиантты мінез-құлықты балалармен жеке тәрбие жұмысына бақылауды жүзеге асырады.
8. Педагогикалық кадрларды іріктеу мен орналастыруға қатысады, тәрбие жұмыстарымен айналысатын педагог қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды ұйымдастырады.
9. Жұртшылық және құқық қорғау органдары, ата-аналар, білім беру ұйымының ата-аналар комитеті өкілдерімен тәрбиелеу процесін қамтамасыз ететін оқу орнының әкімшілігі, қызметтері мен бөлімшелері өкілдерінің өзара іс-қимылын үйлестіреді.
10. Оқушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайына бақылауды жүзеге асырады.
11. Тәрбиелеу процесінде қолданылатын приборлардың, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
12. Әр апта сайын атқарылған жұмыстар туралы мектеп директорына баяндайды
13. Тәрбие процесінің проблемаларын тәрбие жұмысының нәтижесін, тәрбие ісі жөніндегі оқу орнының алдағы жетістіктері мен жағдайына талдау жасайды
14. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалайды,есебін алады, кезекшілікке жауапты
15. Таңертеңгілік жаттығуларға басшылық жасайды
16. Мектепте «Жас қыран», «Жас ұлан», «Атамекен», «Аталар мектебі», «Қыздар клубы» т.б. ұйымының жұмысына басшылық жасайды
17. « Жұма-тазалық » күнін және сенбілікті ұйымдастырады.
18. Оқушылардың санитарлық - гигиеналық талапты орындауын қадағалайды
19. Оқушылардың күнделік жүргізу жұмысына басшылық жасайды
20. Мектеп оқушылары арасындағы көркемөнерпаздар байқауына басшылық жасайды.
21. Оқушылардың жазғы демалысын және еңбек практикасын ұйымдастырады
22. Салауатты өмір салтын насихаттау жұмысын басқарып, оқушылардың дәрігерлік тексеруден өтуін ұйымдастырады
23. Көшеде жүру, суда жүзу, өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерінің орындалуына басшылық етеді.
24. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгерген.
25. Белгіленген тәртіпте есептік құжаттамалардың сапалы және уақытылы жасалуын, анықтығы мен тапсырылуын қамтамасыз етеді
26. Денешынықтыру,АӘТД,технология,бейнелеу,музыка,жаһандық құзыреттілік сабақтарының оқытылуын қадағалап,бақылау жасайды.

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдарын және білім берудің даму бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика, психология негіздерін, жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылымның және практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, қаржы-шаруашылық қызметтерді, еңбек туралы заңнамаларды, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өртке қарсы қорғаныс нормалары мен ережелерін, санитариялық нормалар мен қағидаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:жоғары педагогикалық немесе бейіні бойынша білім және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

**Таныстым:** [signature] **Д.Мырзатаева**

**Директордың шаруашылық істері жөніндегі орынбасарының лауазымдық міндеттері**

1. Мектептің шаруашылық жұмыстарын бақылау, басқару.
2. Мектептің кіріс-шығыстарын есепке алып, қатты және жұмсақ инвентарларды дер кезінде бухгалтериямен бірге отырып, есебін жүргізу, сақталуын қадағалау;
3. ҚР «Еңбек туралы» Заңына, мектептің еңбек тәртібін ішкі ережелеріне, мамандығы мен кәсібіне сай оқу орнының кіші қызметкерлерінің міндеттерін белгілеу,
4. Мектептің қамқоршы өнеркәсіп орындарымен байланыс жасап отыру.
5. Мектептің жылу жүйесімен, жарықпен, мұздай сумен қамтамасыз етілуін, тазалығын қадағалау, бақылау.
6. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын, жаңа оқу жылында және жыл бойындағы кезексіз жөндеу жұмыстарын дер кезінде ұйымдастырып, басшылық жасау.
7. Мектептің коммуналдық қызметті пайдаланудағы үнемдеу іс-шараларын ұйымдастыру.
8. Мектептің қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты мәселелерін шешуге көмек көрсету.
9. Әр апта сайын атқарылған жұмыстар туралы директорға баяндау;
10. Тазалық күндерін , сенбіліктерді өткізуді ұйымдастыру.
11. Мектептің техникалық персоналын басқару және қадағалау.
12. Өз қарамағындағы жұмысшылардың жұмысын қадағалап, оларды мадақтау немесе жазалау туралы бұйрық дайындау.
13. Өз компетенциясы бойынша мектеп ұжымымен сабақ , кеңес өткізу.
14. Мектептің техникалық персоналы бойынша кадрлық өзгерістер енгізу, оларды сайлау туралы ұсыныс жасау.
15. Ақпарат жинақтау, шаруашылық жұмыстың сараптамасы, жоспарлау және бағдарлау, мектептің шамалау бюджетін жасауға қатысу, өз компетенциясына кіретін жұмысты қадағалау.
16. Түсім системасын тіркеу, оны дұрыс қолдану, қолданудан шығару, бюджеттік, бюджеттен тыс қаражатты баланстан-балансқа тауарлық материалдық құндылықтарды қабылдау өткізу.
17. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бөлмені жиһазбен жабдықтау жұмысына жауапты.

18. Жұмсалған шығынды санаққа алу комиссиясына жетекшілік және бақылау.
19. Мектептің шаруашылық жұмысын жүргізу, бақылау:
   а) құрылыс
   ә) ағымдағы, іргелі
   б) құрылыс жағынан ғимарат техникалық қадағалау
      в) материалды-техникалық жабдықтау
20. Коммуналдық қызметті ұйымдастырып қадағалау
      а) су құбыры және канализация
      ә) энергиялық жабдықтау
      б) жылу беру жүйесі
   в) телефонизация
   г) қоқыс
21. Тамақтандыру жұмысын ұйымдастырып көмектесу, іс-шаралар өткізу.
22. Кіші персоналды есеп-қисап табелін жасау және жұмыс уақытын орнату.
23. Күзетшілер жұмысын ұйымдастырып мектеп мүлігінің сақталуын қадағалау.
24. Қыстық-күздік маусымдарға дайындалу жұмыстарын ұйымдастыру.
25. Өз компетенциясына қарасты құжаттарды дайындау.
26. Санитарлық гигиена, көгалдандыру жұмыстары, ауылшаруашылық зертханаларының жұмыстарын, мектепті хаттау жұмыстарын комиссиясының жұмысын қадағалап, ұйымдастыру.
27. Терроризм,өрт, төтенше жағдайларды болдырмау,алдын алу, қауіпсіздік шараларына тікелей жауапты.

**Таныстым:** [signature] **О. Жақипов**

**Жалпы орта білім беру ұйымдарының педагог-психологының лауазымдық міндеттері**

1. Оқушылардың психологиялық және әлеуметтік жағдайын сақтауға және түзетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады.
2. Бала құқықтарын қорғау конвенциясына сәйкес тұлғаның құқықтарын қорғауына көмектеседі.
3. Балалардың тұлғасын дамуына кедергі келтіретін факторларын айқындайды және әртүрлі психологиялық көмек (психикалық түзету, сауықтыру және кеңес беру) көрсету бойынша шараларды қабылдайды.
4. Мектеп жасына дейінгі балаларға, ата-аналарға немесе оларды алмастыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға психологиялық бағыттағы проблемаларды шешуде көмек көрсетеді.
5. Әртүрлі бейіндегі және мақсаттағы психологиялық диагностикасын жүргізеді.
6. Педагогикалық ұжымның, сонымен қатар ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғаларының бағдары мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша, мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық және әлеуметтік даму мәселелеріне психологиялық-педагогикалық қорытындылар жасайды.
7. Белгіленген нысанда құжаттарды жүргізеді және оны мақсаты бойынша қолданады.
8. Оқушылардың жеке және жыныс-жас ерекшеліктерін ескерумен білім беру қызметінің дамытушы және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және дайындауға қатысады, өмірдегі әртүрлі жағдайларда бағдарлануына балалардың дайындығын дамытуына көмектеседі.

9. Оқушылардың даму дәрежесін анықтайды балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік даму бұзушылықтарын диагностикалайды, оларға педагогикалық-психологиялық түзету жұмыстарын жүргізеді.
10. Педагогикалық, әдістемелік кеңес жұмыстарына, ата-аналар жиналысы, сауықтыру, тәрбиелеу және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында қарастырылған басқа да шараларға қатысады.
11. Компьютерлік сауаттылық, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігі бар. Өзінің кәсіби деңгейін арттырады.
12. Тәрбие-білім беру үдерісінде балалардың өмірін, денсаулығы мен құқықтарын қорғауын қамтамасыз етеді.
13. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғаныс техникасын сақтайды.
14. Тұлғаның психикалық денсаулығына қамқорлық жасайды, ол үшін дамытушылық,психикалық ыңғайлы орта құрады, салауатты өмір салтын қалыптастырады.
15. Психикалық даму барысын бақылау мақсатында жиі жаппай зерттеулер жүргізеді, психологиялық көмекті қажет ететін адамдарды анықтайды, олардың есебін алады және бақылайды.
16. Өз қызметін төрт негізгі бағытта: психодиагностика, психологиялық кеңес беру психопрофилактика, психологиялық коррекция түрінде жүзеге асырады.
17. Қажетті психо-педагогикалық өлшемдері,нәтижелерді өңдейді, психологиялық қорытындылар мен ұсынымдарды дайындайды.
18. Оқушылар,мұғалімдер, ата-аналар арасында ағарту және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді; кәсіби кеңес беру және кәсіби бағдар беруші зерттеулерді жоспарлайды және ұйымдастырады; психопрофилактикалық жұмысты қамтамасыз етеді; психологиялық қауіп зонасында орналасқан адамдарды айқындайды; әлеуметтік және педагогикалық босаңсыған оқушыларға көмек көрсетеді; осы категориядағы балаларға ерте профилактика және коррекция жасайды; осы бағытта сынып ұжымдарымен мақсатты жұмыс жүргізеді.
19. Тапсырыстардың түсуіне қарай (соның ішінде жоғарғы сыныптарда кәсіби бағыт-бағдар беруші жұмыстар шеңберіндегі диагностика және мектепке дайындық диагностикасы; педагогикалық шеберлік пен шығармашылықты дамыту шеңберіндегі диагностикасы) психодиагностикалық жұмыстар жүргізеді.
20. Ғылыми және практикалық психологияның жетістіктері туралы, оқу үрдісіне қатысушыларға психологиялық зерттеулер, диагностиканың жаңа әдістемелері туралы мәліметтер банкін жасайды.
21. Оқушылардың біртұтас білім үрдісінде өзін-өзі бағалауға, оқуға тұлғалық,-интелектуалдық,-әлеуметтік психологиялық дайындығы деңгейлерін зерттейді; шығармашыл дарынды балаларды психологиялық қолдайды, олардың дамуына жағдай жасайды.
22. Оқушыларды жеке, тұлғалық –ізгілікті, тұлғалық-бағытталған және дамытушы жақындау жолымен қамтамасыз ету мақсатында психологиялық зерттеу жүргізеді;тұлғаның және интеллектінің бұзылуының психологиялық себептерін анықтайды, осыған ұқсас жағдайлардың алдын алады.
23. Оқытудың барлық сатыларында оқушылардың шығармашылық мүмкіндігін және жеке тұлғалығын қалыптастыруға және бекітуге ықпал жасайды; қазіргі қоғам өміріне бейімделген дамушы тұлғаның қалыптасуына көмектеседі; оқушылардың кәсіби бағытталуына және интелектінің, тұлғаның толыққанды дамуына қамтамасыз етуге көмектеседі.
24. Қазақстан Республикасының «2025 жылға дейінгі білім дамуының» Тұжырымдамасын, педагог-психологтың біліктілік мінездемесінің талаптарын (ҚРБжҒМ-нің 22.08.2002 ж №629 бұйрығы) басшылыққа ала отырып, интегривті педагогиканың және акмеологиялық жақындау жолының негізінде құзырлылық және біліктілік деңгейін үнемі арттырып отырады.
25. Ішкі еңбек тәртібі ережесін, мектеп жарғысы талаптарын сақтайды.
26. Сабақтан көп қалатын және кешігетін оқушылармен жұмыс жасайды.
27. 5-11 сыныптарға, ҰБТ мен ОЖСБ-ға жауапты психолог: Нуранова А

28. 1-4 сыныптарға жауапты психолог: Мустапаева М

Оушылардың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуге және қалыпқа келтіруге, олардың әртүрлі өмірлік жағдайларда әлеуметтік-психологиялық бейімделу қабілетін дамытуға, сондай-ақ кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде көмек көрсетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің және оқушылардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ата-аналарының психологиялық мәдениетін қалыптастырады;

инклюзивтілік қағидатын іске асыруға жәрдемдеседі және білім беру процесіне қатысушылардың барлығының мінез-құлқының толерантты мәдениетін қамтамасыз етеді;

буллингтің, өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу бойынша жұмыс жүргізеді;

білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді;

әр түрлі бағыттағы және бағыттағы психологиялық диагностиканы жүргізеді, оқыту, тұлғалық даму және мінез-құлық проблемаларын уақтылы анықтайды, психологиялық қорытынды жасайды;

ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады және оның негізінде оқушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ педагог-ассистенттің іске асыруы үшін балалардағы проблемалық мінез-құлықты жеңу бағдарламаларын әзірлейді;

әртүрлі психологиялық проблемалары бар балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға консультациялар, жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары нысанында психологиялық көмек көрсетеді;

дарынды оқушыларды психологиялық қолдауды жүзеге асырады;

ата-аналарға, педагогтерге, мамандарға, нақты психологиялық мәселелерді шешуде консультациялық көмек көрсетеді;

педагогикалық ұжымға, сондай-ақ оқушылардың жеке және әлеуметтік даму проблемалары бойынша оқушылардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ата-аналарына ұсынымдар әзірлеу мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық талдауды жүзеге асырады;

белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді, педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналыстарын, сауықтыру, тәрбиелеу және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында көзделген басқа да іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысқа қатысады;

кәсіби құзыреттілікті арттырады, мектеп жасындағы балалармен психологиялық жұмыстың заманауи әдістері мен технологияларын қолданады;

баланың құқықтарын қорғау жөніндегі конвенцияға сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі;

балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды;

білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдары және білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

жеке тұлға психологиясы, дифференциалды балалар және жас ерекшеліктері, әлеуметтік, медициналық психология, балалар нейропсихологиясы, патопсихология, психосоматика;

педагогикалық этиканың нормалары;

дефектология, психотерапия, сексология, психогигиена, кәсіптік бағдар, мамандану және еңбек психологиясы, психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика негіздері;

белсенді оқыту, әлеуметтік-психологиялық карым-қатынас әдістері;

жеке және топтық кеңес берудің, диагностика мен баланың дамуын түзетудің заманауи әдістері,

еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

"Педагогика және психология" бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе бейіні бойынша жоғары медициналық білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

және (немесе) біліктілігінің жоғары немесе орта деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 5 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-шебер үшін кемінде 5 жыл.

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», "Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", «Қазақстан Республикасы тіл туралы», "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы"«Қазақстан Республикасы жемқорлыққа қарсы күрес», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Заңдарынжәне білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, жалпы психология, педагогикалық психология және жалпы педагогиканы, тұлғалық психология мен диференсалдық психология, балалар мен жас ерекшелік психологиясын, әлеуметтік психология, медициналық психология, балалар нейропсихологиясы, патопсихология, психосоматиканы, дефектология, психотерапия, психодиагностика, психологиялық кеңес және психопрофилактика негіздерін, қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық тренингтер, белсенді оқыту әдістерін, жеке және топтық кәсіби кеңес берудің қазіргі заманғы әдістерін, балалардың дамуында ақауы бар балаларды диагностикалау және түзетуді, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өртке қарсы қорғану нормалары мен ережелерін және санитарлық қағидалар мен нормаларды.

Таныстым: Нуранова А.
Мустапаева М.

**Әлеуметтік педагогтың лауазымдық міндеттері**

1. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке психолого-медико-педагогикалық ерекшеліктерін және олардың микроорталығын, өмір сүру жағдайын зерделейді және мүдделілігі мен қажеттілігін, даудамайлық жағдайларды, тәртібіндегі ауытқуларды анықтайды, уақытында әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді.
2. Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың әдістерін,түрлерін,міндеттерін анықтайды,баланың әлеуметтік және жеке проблемаларын шешу тәсілдерін,балалардың білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке құқықтары мен еркіндіктерін іске асыруда әлеуметтік көмек және әлеуметтік қорғау бойынша шаралар қабылдайды
3. Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың әдістерін, түрлерін, міндеттерін анықтайды, баланың әлеуметтік және жеке проблемаларын шешу тәсілдерін, балалардың, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке құқықтары мен еркіндіктерін іске асыруда әлеуметтік көмек және әлеуметтік қорғау бойынша шаралар қабылдайды.

өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттары;
арнайы педагогика;
оқу-тәрбие процесін жобалау және ұйымдастыру негіздері;
арнайы білім беру саласындағы жаңа жетістіктер;
педагогикалық этиканың нормалары;
еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар.

***Біліктілікке қойылатын талаптар:***

жұмыс өтіліне талап қойылмай, "Арнайы білім" бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл

1) **"педагог" статусы** біліктілігіне қойылатын талаптар:

балалардың дамуы мен жағдайын диагностикалау, дамуындағы ауытқуларды барынша түзетуге бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау әдістерін колдануы керек;

арнайы мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, мотивациялық, диагностикалық, дамытушылық, коммуникативтік және әдістемелік қызметті жүзеге асыру;

дефектологияның заманауи әдістерін қолдану;

білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысу;

балалардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыру;

балалардың жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету, білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысу, балалардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру, кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын пайдалану, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану;

**Таныстым:** [signature] **Е.Үсіпбаев**

**Аға тәлімгердің лауазымдық міндеттері**

1. Балалар қоғамдық ұйымдарының, бірлестіктерінің дамуына ықпал етеді.
2. Балалар мен жасөспірімдер бірлестіктерінің, ұйымдарының қызметін жоспарлауда оларға көмектеседі, олардың қызметінің мазмұны мен нысандарын жаңартуға ықпал етеді.
3. Ұжымдық-шығармашылық қызметті ұйымдастырады.
4. Қолданыстағы ұйымдар мен бірлестіктер туралы балалар мен жасөспірімдерді кеңінен ақпараттандыру үшін жағдайлармен қамтамасыз етеді.
5. Балалар мен жасөспірімдерге азаматтық және рухани ұстанымын таңытуға, өзінің мүдделері мен қажеттіліктерін іске асыруға, бос уақыттарын пайдалы өткізуге мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар жасайды.
6. Білім беру ұйымдарында мәдени-бұқаралық, патриоттық жұмыстарды жүргізеді.
7. Оған сеніп тапсырылған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі туралы қамқорлық танытады.

8. Каникул кезінде олардың демалысын ұйымдастырады. Балалармен және жасөспірімдермен озық жұмыс тәжірибелерін зерделейді және қолданады.
9. «Жас ұлан» және «Өзін өзі басқару» балалар ұйымдары мен бірлестіктерінің алғашқы ұжымдары басшыларын іріктеу және дайындау жұмыстарын жүргізеді.
10. Тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) отбасылық жай-күйін зерделейді және баспаналық-тұрмыстық жағдайын, жеке қабілеттілігін, балалардың қызығушылығы мен баланың жеке тұлға болып қалыптасуын психологтардың нұсқаулары бойынша (топтық және жекелей) дамыту-түзету жұмыстарын жоспарлайды және ұйымдастырады.
11. Әлеуметтік-психологиялық оңалту, әлеуметтік және еңбекке бейімделу жағдайларын жасау үшін күнделікті жұмыстар жасайды.
12. Өзін-өзі басқару органдарымен және білім беру ұйымдарының педагог ұжымдарымен, қоғамдық ұйымдармен, оқушылар ата-аналарымен немесе оларды алмастырушылармен тығыз байланыста жұмыс жасайды.
13. Компьютерлік сауатты, ақпараттық-коммуникациялық біліттілікке ие.
14. Оқушылардың күнделіктерінің жүргізілуін қадағалап,бақылау.

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке және отбасы туралы» Заңдары және басқа білім беру мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік жалпыға міндетті білім берустандарттарын, педагогика, психология, жас ерекшелік физиологиясы мен гигиенасының негіздерін, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесін, еңбек туралы заңнамалар негізін, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі техникасын, санитарлық қағидалар мен нормаларды.

**Таныстым:** [signature] **Артықбаева А.**

**Ұйымдастырушы педагогтың лауазымдық міндеттері**

1. Білім беру ұйымы білім алушыларының жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшелігін, мүдделерін және қажеттілігін зерделейді және тұрғылықты жері бойынша оларды іске асыру үшін жағдай жасайды.
2. Жеке тұлғаның талантын, ойлау және дене даму ерекшеліктерін дамытуға, жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.
3. Клубтардың, үйірмелердің, секциялардың, әуесқой бірлестіктердің жұмыстарын, балалар мен ересектердің әртүрлі бірлескен қызметтерін ұйымдастырады.
4. «Адал ұрпақ »ұйымына жетекшілік етеді.
5. Мына бағыттардың біріне жетекшілік етеді: ғылыми-техникалық, көркемдік-шығармашылық, спорттық-туристік және тағы да басқа.
6. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қауымдастықтарға, қоғамдық ұйымдарға қатысу үшін баланың құқықтарын іске асыруға ықпал етеді.
7. Балалардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады.
8. Іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдай жасауды қамтамасыз етеді.
9. Қызметі бойынша техникалық, көркем шығармашылық, спорттық, туристік-өлкетанушылық т. б. бағыттардың біріне жетекшілік етеді;
10. Балалар ассоциацияларын, бірлестіктерін құруға байланысты бала құқықтарының жүзеге асуына ықпал етеді;
11. Кештер, мейрамдар, жорықтар, экскурсиялар ұйымдастырады, оқушылардың (тәрбиеленушілердің, балалардың) бос уақытты өткізу, ойын-сауық жөніндегі әлеуметтік мәні бар бастамаларын қолдайды;

12. Мәдениет және спорт мекемелерінің қызметкерлерін, ата-аналарды, жұртшылықты оқушылармен (тәрбиеленушілермен, балалармен) жұмыс жүргізуге тартады;
13. Балалар кооперативтеріне, өзге де оқушылар (тәрбиеленушілер, балалар) еңбегін ұйымдастыру формаларына қолдау көрсетеді;
14. Оқушылардың (тәрбиеленушілердің, балалардың) каникулдық демалысын ұйымдастырады, оқу процесі кезеңінде олардың өмірі мен денсаулығына жауап береді.
15. Педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналыстарын өткізуге, білім беру бағдарламаларында қарастырылған сауықтыру, тәрбие және басқа бағыттар бойынша жүргізілетін шараларға қатысады; ата-аналар мен оларды ауыстыратын тұлғаларға әдістемелік және консультативтік көмек ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына атсалысады;
16. Білім беру процесі кезеңінде тәрбиеленушілер өмірі мен денсаулығының қорғалуын қамтамасыз етеді;
17. Еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтайды.
18. Оқушылардың дәптерлеріне қойылатын талаптар мен тексерілуін қадағалап,бақылау.

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясын мен Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және білім беру мәселелері бойынша басқа да құқықтық нормативтік актілерді, жас ерекшелігі мен арнайы педагогика және психология, физиология, гигиена мәселелерін, білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін дамыту ерекшеліктерін, олардың шығармашылық қызметтерінің, таланттарды іздеу және қолдау әдістерінің негіздерін, тәрбие жұмысының әдістерін, оқыту құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндіктерін, үйірмелер, секциялар, студиялар, клубтық бірлестіктер сабақтарының бағдарламаларын, балалар ұжымдары, ұйымдары мен қауымдастықтар қызметінің негіздерін, еңбек туралы заңнама негіздерні, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

**Таныстым:** А. Давидов

**Қосымша білім беру педагогының лауазымдық міндеттері**

1. Білім алушылардың әртүрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.
2. Үйірме, секция, студия, клуб және басқа да балалар бірлестіктеріндегі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің құрамын жинақтайды, оқу мерзімі ішінде оларды сақтау шараларын қолданады.
3. Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, сабақтардың жоспарлары мен бағдарламаларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді.
4. Белгіленген құжаттаманы жүргізеді.
5. Психофизиологиялық тұрғыдан алғанда жұмыстың нысандарын, құралдары мен әдістерін педагогикалық негізделген таңдауды қамтамасыз етеді.
6. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін анықтайды, адамгершілік-рухани дамуына, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің тұрақты кәсіби қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

7. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қызметін, оның ішінде зерттеушілік жұмысын ұйымдастырады, білім беру процесіне инновациялық технологияларды қосады, оқу практикасына байланысты жүзеге асырады.
8. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жетістіктерін қамтамасыз етеді және талдайды.
9. Компьютерлік технологияларды қолдана отырып, іскерлікті меңгерулі, шығармашылық қызметтің тәжірибесін дамытуды, танымдық қызығушылықты дамытуды ескере отырып, оқытудың тиімділігін бағалайды.
10. Қалыпты кәсіби қызығушылығы мен бейімін қалыптастыруға ықпал етеді, дарынды және талантты білім алушыларды, тәрбиеленушілерді, оның ішінде мүмкіншіліктері шектеулі балаларды дамытуды қолдайды.
11. Балалардың жаппай білім беру іс-шараларына (конкурстар, көрмелер, слеттер, конференциялар, олимпиадалар) қатысуын ұйымдастырады.
12. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің демалыс уақытын ұйымдастыруға қатысады.
13. Оқу сабақтарын жүргізуде еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтауды қамтамасыз етеді, балалардың өмірі мен денсаулығына жауап береді.
14. Ата-аналары мен оларды алмастыратын тұлғаларға, және педагог қызметкерлерге кеңес беріп, көмектеседі.
15. Әдістемелік кеңестердің, бірлестіктердің қызметіне, семинарларға, конференцияларға, кәсіби қоғамдастықтарға қатысады.
16. Жүйелі түрде өзінің кәсіби біліктілігін арттырады.
17. «Атамекен» бағдарламасы жұмысын ұйымдастырып ,жүргізеді

**Білуге міндетті:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Заңдарын және білім беру қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді.

Педагогика және психология негіздері, тәрбие жұмысының әдістемесі, өнімді, сараланған, дамытатын оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары, құзыреттілік тәсілді іске асыру,әртүрлі жастағы білім алушылармен, тәрбиеленушілермен, олардың ата-аналарымен (оларды алмастыратын тұлғалармен), педагогтармен қарым-қатынас орнату әдістері,дауды жағдайлардың себептерін диагностикалау, олардың алдын алу және шешу әдістері, білім беру ұйымының ішкі еңбек тәртібі ережелері, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелері.

**Таныстым:** [signature] **И.Кунакова**

**Педагог-кәсіби бағдар берушінің лауазымдық міндеттері**

1. Мектепте кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады, кәсіптік бағдарлау жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;
2. оқушылардың кәсібін саналы түрде таңдауға бағытталған қызметті жүзеге асырады;
3. білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға Мамандық таңдау бойынша шешім қабылдауда көмек көрсетеді;
4. қызығушылықтарын анықтау бойынша диагностика жүргізеді, кәсіби бағдарлы диагностиканы талдайды;

5. ерекше білім беру қажеттіліктері бар дарынды білім алушыларды, тәрбиеленушілерді психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың дамуына жәрдемдеседі;
6. кәсіпорындарда экскурсиялар өткізеді, әртүрлі мамандықтағы қызықты адамдармен оқушылар үшін кездесулер (әңгімелесулер) ұйымдастырады;
7. кәсіби құзыреттілікті арттырады, заманауи әдістер мен технологияларды қолданады;
8. белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді;
9. балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді;
10. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды.

**Білуге тиіс:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;
2. мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогика, педагогикалық психология;
3. психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика негіздері;
4. компьютерлік сауаттылық, оқу процесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
5. педагогикалық этика нормалары;
6. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

1.Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс стажына талаптар қойылмайды;

2. (немесе) біліктілігінің жоғары және орта деңгейі болған кезде педагогикалық жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін-кемінде 4 жыл; (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс өтілі – 5 жыл.

**Кәсіби құзыреттерді айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:**
**"педагог" сәйкес келуі тиіс:**

1. педагог-профориентаторға қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ: мектепте кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады, кәсіптік бағдарлау жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;
2. оқушылардың өзін-өзі кәсіби анықтау әдістемелерін әзірлеуді және байқаудан өткізуді жүзеге асырады;
3.кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша оқушылардың қызығушылықтарына зерттеу жүргізеді;
4.өңірлік еңбек нарығындағы қажеттіліктер туралы әдістемелік және анықтамалық материалдарды жинауды, талдауды және жүйелеуді жүзеге асырады;

**Кәсіби бағдар беруші** *[signature]* **Ж.Турсумбаева**

**Алғашқы әскери технологиялық дайындық жетекшісінің лауазымдық міндеттері**

1. Мектеп оқушыларын Отанды сүюге тәрбиелейді.
2. Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарымен және сынып жетекшілерімен бірігіп оқу жылына әскери-патриоттық жұмыс жоспарын әзірлейді және оның орындалуын қамтамасыз етеді.
3. Білім беру ұйымдарында бастауыш әскери дайындық бойынша оқу-материалдық базаны толтыруға, мүліктердің сақталуына, санитарлық-гигиеналық талаптарды орындауға жағдай жасайды.
4. Жасөспірімдерді әскери білім беру ұйымдарына іріктеуге қатысады.
5. Оқушыларды алғашқы әскери тізімге енгізу жұмыстарын ұйымдастырады.
6. Сабақ және сабақтан тыс уақытта оқушыларға бастауыш әскери дайындықтан дәріс береді.
7. Төтенше жағдайларда практикалық жаттығулар өткізеді, әскери негізін оқытады,үйірме жұмыстарын басқарады.
8. АӘТД кабинетіне және онда сақталатын мүліктердің сақталуына жауап береді
9. Білім беру ұйымдарында азаматтық қорғаныстан жоспар әзірлеп, төтенше жағдайларда қорғанысқа дайын болу іс-шараларын өткізеді.
10. Әр апта сайын атқарылған жұмыстар туралы директорға баяндайды;
11. Жетелейтін пәні –АӘД, дене шынықтыру.
12. Жүргізу есебі – АҚ бағдарламасы, ӨҚ, ТҚ, АҚ жоспарларын, бағдарламаларын жүргізуге жауапты.
13. Қоғамдық ұйымдастыру. Техника қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін сақтау.
14. Мектепте атқарылатын айлық жартыжылдық, жылдық есептерді аудандық білім бөліміне уақытында тапсыру. Оқушылардың әскери патриоттық тәрбиесін ұйымдастырады, жұмыс жоспарын әзірлейді.
15. Қоғамдық жүктеме АҚ, ОҚ, ТҚ стендтері, құжаттары, тактикалық, өрттік, сақтық дайындық стендтері.
16. Жалпы мектеп жұмысы I , II ауысым оқушыларын аулада сапқа тұрғызу, АҚ, ӨҚ күндерінде сапқа тұрғызу.
17. Білім алушыларды әскери есепке алу жұмыстарын ұйымдастырады және өткізеді.
18. Азаматтық Қорғаныс бойынша сабақтар дайындайды және өткізеді, шұғыл жағдайларға байланысты іс-шаралар дайындайды
19. Азаматтық қорғаныс бойынша шұғыл жағдайларда жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етеді.

**Білуге міндетті:**Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы », «Бала құқығы туралы» заңдарды және басқа білім беру мәселесі жөнінде нормативті-құқықтық актілерді;ұйымдық-басқару, ғылыми-әдістемелік, педагогикалық мәселелерді шешу үшін пән көлеміндегі жалпы теориялық негіздерді; педагогиканың, психологияның теориясын, жас ерекшелік физиологиясын, мектеп гигиенасын; пәндік оқытудың әдістемесі мен тәрбиелеу жұмысының әдістемесін;тәрбие жұмысының әдістемесін; оқу жоспарын, бағдарламасын және оқулықтарын,оқу кабинеттерін жарақтандыру мен безендіруге қойылатын талаптарды; оқыту құралдары мен оның дидактикалықт мүмкіндіктерін; еңбек заңнамаларын білуі қажет.

Таныстым: Юшаев С.

## Мектеп кітапханашысының лауазымдық міндеттері

1. Еліміздің қоғамдық-экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын білімді де мәдениетті, бәсекеге қабілетті азаматтарды тәрбиелеу мақсатында мектеп кітапханасының жұмысын жетілдіру.
2. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауларында көрсетілгендей, сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу үшін оқырмандар мен ұстаздарға көмек беруге барлық мүмкіндіктерді тудыру.
3. ҚР «Тіл» туралы заңын басшылыққа ала отырып, кітапхана оқырмандарына әдебиеттер мен әдістемелік құралдарды ұсына отырып, қазақ тілінде мәдениетті де мәнерлеп сөйлеуге тәрбиелеу.
4. ҚР «Білім» туралы заңының баптарына, стандарттарына, негізгі принциптеріне сүйене отырып, оқу-тәрбие ісіне қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету .
5. Оқырмандарды кітапхана қорын пайдалана білуге тәрбиелеу, өз бетінше білім алуға жәрдем беру, жүйелі түрде оқу барысын қалыптастыру, шығармашылықпен түйіндеу, қабілеттілігін арттыруға көмектесу.
6. Оқушылардың әдеби кітаптарға қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.
7. Ұстаздардың кәсіби шеберлігін көтеруге көмектесу.
8. Оқулықтардың қорын көбейту.
9. Әдеби байқаулар өткізу
10. Оқулықтардың сақталуын бақылау.

Таныстым: Шымыралиева Ж